

«Қазақстан халқының бірлігі күні – ұлт және дінаралық келісім күні» атты 613 кабинетте өткен 1 мамыр мерекесіне арналған тәрбиелік іс- шара

2018 жылы 27 сәуірде сағ.15.00де Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі п.ғ.к., доцент Джантасова Дамира Дулатқызы, ШТ кафедрасының тәрбие жұмысы үшін жауапты оқытушылар Изотова Айгерім Серікқызы, Аткенова Айгерім Саятқызы «Қазақстан халқының бірлігі күні – ұлт және дінаралық келісім күні» атты 613 кабинетте өткен 1 мамыр мерекесіне арналған тәрбиелік іс- шара өткізді (1-2 курс студенттері арасынан 45 студент қатысты).

Іс- шараның мақсаты – халықтың мәдени мұрасын оқи отырып жастарға патриоттық тәрбие беру, студенттер арасында шетел тілін меңгеруге деген қызығушылығын арттыру, олардың зияткерлік және шығармашылық ой-өрістерін дамыту, ҚР аумағында тұратын халықтардың тілдері мен мәдениетіне деген сыйластық сезімдерін ояту.

Еліміздің саясаты Қазақстанда мекен етуші халықтың біртұтастығы, ауызбіршілігі, келісімін нығайтуға бағытталған, әрі мемлекеттік тілдік саясат ҚР заңнамасында және ата заңымызда анық көрсетілген.

Қазақстандағы тілдік саясат елімізде тұрып жатқан жүзден аса ұлт ккілдерінің мәдени мұрағатын сақтауға бағытталған. Халықтар достастығы, өзара қарым-қатынас пен байланыс – жаңа Қазақстанның іргесі беріктігінің айғағы. Тәуелсіздік алған күннен бастап мемлекет басшысы елімізде бейбітшілік сақтауға зор мән беріп келеді. Мәдениеттің сақталуына терең мән беріліп, салт-дәстүрдің бұзылмауына күш салынууда. Сондықтан, аталмыш мекеренің тойлануында терең мән жатыр. Мерекені тойлауға тек қана кең байтақ Қазақстанымызды жайлаған ұлт өкілдері ғана емес, мәдени орталықтар, студенттер қауымы, түрлі мекемелердің қызметкерлері мен жұмысшылары да шеруге шығып, осы ұлы күнді басқа да ұлт өкілдерімен бірге мерекелеуде. Қарағанды қаласында негізгі шерулер мен бас қосулар, негізінде, Бұқар Жырау даңғылында өткізіледі. Шеруге қатысушылар саны 25 мың адамнан асады. Қазақстан тарихында қазақ елі барлық халықтың тілін, дінін, салт- дәстүрін сыйлап, өзара ауызбірлікте тұруға дағдыланды. Сондықтан Халықтар бірлігі күні қазақ халқының ғасырлар бойы ұстанған ұстанымын тағы да көрсетуге мүмкіндік туған күн болды. Бейбітшілік пен біртұтастық – Қазақстанның негізгі байлығы мен басты ұстанымы екендігін тағы да дәлелдеді.

Мерекелік іс- шара жүргізушілері (Напталов Абылай гр.РЭТ 17-2 және Қабденова Айна гр.ГД-16-2) жиналған оқытушылар, студенттер мен қонақтармен үш тілде амандасып, көп тілді Қазақстанның болмысын көрсетті. ҚР гимні ойналды.

Бірінші болып сөйлеу мәртебесі ағылшын тілі оқытушысы, АҚШ елшілігінің және English Language Fellow бағдарламасының өкілі, гуманитарлық ғылымдар магистры Бенджамин Тэйлорға берілді.

Шетел тілдері кафедрасының 10 оқытушысы да осы іс- шара көрермені болды.

Шар жүргізушілері қонақтар мен студенттерге 3 тұлде өлең оқып, аталмыш мереке жайлы толық ақпарат берді.

1 -2 курстардың талантты студенттері көрермендер алдында өз өнерлерін көрсетті. Әрбір студенттің еңбегі адал бағаланып, көрермендер ұзақ шапалақ ұрумен шығарып салды.

Алдымен ағылшын тілінде МАШ-16-1 тобының студенті Мағзумбаев Алихан ТТ16-1с тобының студенті Түгелбаев Маратпен бірлесіп өлең айтты. Оларды гитарамен сүймелдеп отырды.

Қазақтың халық әні «Дударай» ды БТ – 15-5 тобының студенті Жандильдина Маржан шеберлікпен орындады.

БЕТАШАР көрсетілімін ТС 17-1тобының студенттері: Нурмағанбетова Гулнур, Каирбекова Мадина, Сарсембек Анель көрсетті, ал МЕТ 17-1 тобының студенті Қадырақынов Бексултан домбырада ойнады.

ТС 17-1тобының студенттері Нурмағанбетова Гулнур мен Отыншина Асылжан (МЕДАКАДЕМИЯ студенттері) сыған биін биледі.

Сонымен бірге сәулет- құрылыс факультетінің студенттері флешмоб ұйымдастырды.

Іс- шара соңында жүргізушілер жиналған қауымды тағы да бірлік пен келісім мерекесімен құттықтады.

Шараға белсене араласқан барлық қатысушылар мадақтау қағазымен марапатталды.